

Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының экономикасында жаңа нарықтық құрылымдардың қалыптасуын жеделдету, жекешелендіру барысында ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету, экономиканы мемлекеттік реттеуді одан әрі жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы Ереже бекітілсін.

Мемлекеттік холдинг компаниялары өтпелі кезеңде экономиканы мемлекеттік ұтымды реттеуін жүзеге асыру үшін жұмыс істейтін құрамдар ретінде жасақталатын болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті холдинг компанияларының өтпелі кезеңге қажет санын анықтасын және оларды құру жөнінде ұйымдастыру шараларын қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- акцияларының мемлекеттік пакеттері холдинг компанияларының қорына кіргізілетін кәсіпорындардың тізбесін бекітсін, әрі осы қорлардың құралуын қамтамасыз етсін;

- холдинг компанияларының қызметін реттейтін нормативті құжаттардың пакетін әзірлеп, бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

МЕМЛЕКЕТТІК ХОЛДИНГ КОМПАНИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже құрылған кезінде қаржысының мемлекеттік үлесі 25 проценттен астам болған мемлекеттік холдинг компанияларына немесе мемлекет қатысатын холдинг компанияларына /бұдан әрі - холдинг/ қолданылады.

Мемлекеттік холдинг компаниялары деп акцияларының мемлекеттік пакеті 51 және одан да астам процент болатын холдинг компанияларын атайды.

1.2. Холдинг-қаржы ресурстарын орталықтандырудың жоғары деңгейін және оларды пайдаланудың мейлінше табысты болуына жету, холдинг кәсіпорындарын басқару тиімділігін арттыру және олардың қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру мақсатында акционерлік қоғамдар акцияларының бақылау пакеттерін сатып алу жолымен құрылған акционерлік қоғам болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тысқары жерлерде әрекет жасайтын кез-келген заңды ұйым мен жеке адамдар, ерікті негізде немесе мемлекеттік басқару органдарының шешімімен біріккен ұлтаралық компаниялар холдингтің акционерлері бола алады.

1.3. Акциялардың бақылау пакеттері немесе мүліктегі мемлекеттік үлесі холдинг активтерінің құрамына кіретін акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар бұдан әрі еншілес кәсіпорындар деп аталады.

Акциялардың бақылау пакеті немесе еншілес акционерлік қоғамдардың немесе кәсіпорындардың мүлкіндегі мемлекеттік үлесі холдингке осы қоғамдар мен кәсіпорындар басқармасының барлық органдарында /оның ішінде вето салу құқының және "алтын акциялардың" бары/ белгілі бір шешімдер қабылдау немесе одан бас тарту құқын сөзсіз қамтамасыз ететіндей болуы керек.

1.4. Холдинг ашық немесе жабық тұрпаттағы акционерлік қоғамдар түрінде құрыла алады, бұл жарғыда көрсетіледі. Бұл орайда мемлекеттік холдингтер үшін жабық түрі дұрысырақ болады.

1.5. Қызметіне және орындайтын функцияларына қарай холдингтердің мынадай түрлері болады:

- тек қана акциялар ұстайтын және құнды қағаздармен операция жасайтын таза холдингтер;

- акция ұстау функциясынан басқа кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын аралас холдингтер.

1.6. Холдингтер бәсекелесуші компаниялар түрінде, диверсифициланған қаржымен құрылады. Егер ішкі нарықта қандай да бір өнім түрлерін, жұмыс пен қызмет өндіру монополияландыруға әкеліп соғатын болса, бірлестік негізінде мемлекеттік холдингтер құруға тыйым салынады.

Әрбір салада бірінші бәсекелесуші холдинг құрылады.

Мына салаларда холдингтер құруға тиым салынады: өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлар саудасында, материалдық-техникалық жабдықтауда, тұтыну тауарлары саудасында және қоғамдық тамақтануда, ауыл шаруашылық өндірісінде, ауыл шаруашылық өнімін ұқсатуға және ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз етуде, тұрмыстық қызмет көрсету мен коммуналдық шаруашылықта, көлікте /темір жол авиация, труба құбыры және тек қана халықаралық тасымал жасайтын кәсіпорындарынан басқалары/.

1.7. Холдингтер Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімімен құрылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұсыныстары негізінде мемлекеттік холдинг жарғысында кәсіпкерлік қызметтің сипатына және еншілес кәсіпорындардың қызметіне әсер ететін шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктер шегінде шек қоюға хақылы.

1.8. Мемлекеттік холдингтерге:

- холдингке кіретін акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындардың қызметінде мемлекеттік мүдденің сақталуына бақылау жасау;
- мемлекеттік дотацияларды қысқарту, олардың өндірістік-экономикалық тиімділігін арттыру мақсатымен кәсіпорындарды жаңғырту;
- мемлекеттік холдингке кіретін кәсіпорындардың басшыларын тағайындау;
- еншілес қоғамдар мен кәсіпорындарды қаржыландыру үшін шетелдік және отандық инвесторлар іздеп табу;
- мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету жүктеледі.

1.9. Холдинг қызметінің негізгі түрлері қаржылық, өндірістік, құрылтайшы, инвестициялық, коммерциялық болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге түрлері болуы мүмкін.

1.10. Холдинг қызмет түрлеріне байланысты мынадай функцияларды атқарады:

- кәсіпорындар меншік иелерінің және басқа мүліктік кешендердің ауысуымен тездетеді;
- қаржының бір саладан екіншілеріне құйылуын оңайлатады;
- оған қатысушылар өндірісінің тұрақты табыстылығының қамтамасыз ету жөнінде жағдай жасайды;
- қатысушылардың жарғы қорына төлеген жарнасының мөлшерінде қаржы ресурстарын шоғырландырады, оларды тиімді пайдаланудың стратегиясы мен тиімді шарттарын анықтайды;
- өндірістік бағдарламаларды өзгерту, нарықтарды диверсификациялау және инвестициялық саясат жүргізу кезінде қызмет көрсетеді;
- әртүрлі акционерлік қоғамдар құрады, акциялар және басқа бағалы қағаздар шығарады, оларды ішкі және сыртқы нарықтарда сатады;
- басқа акционерлік қоғамдар мен холдингтердің акцияларын және басқа бағалы қағаздарын айырбастайды, оларды сатып алады және сатады;
- акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін басқару ісінде мемлекеттік органдардың делдалы немесе сенімді өкілі болады;
- өндірістік, коммерциялық және ғылыми-техникалық қызметке

инвестициялау

жүргізеді;

- қатысушы кәсіпорындарды жақсарту қажет болған кезде қаржылай көмек көрсетеді;

- холдинг кәсіпорындарының өндірістік бағдарламаларының теңдестірілуін, нарықтық конъюнктураны зерделейді және талдайды, маркетинг қызметін жүзеге асырады;

- ғылыми-техникалық талдамалар, стандарттар, өнімді бірегейлендіру, өндіріс экологиясы саласының және холдингке қатысушы еңбек ұжымының әлеуметтік бағдарламаларының стратегиясы мен тактикасын қалыптастырады;

- ішкі және сыртқы нарықтарды өндірістің рентабельдігін, өнім мен қызметтің бәсекелестік қабілетін арттыруды қамтамасыз етеді;

- жаңа өндірістік, тауарлық, инжинирингтік, қаржы-кредиттік ұйымдық құрылымдарды қалыптастырады;

- қозғалатын және қозғалмайтын мүлікпен алыс-беріс жасайды, коммерциялық, кредит және өзге де қызметті жүзеге асырады, төлемдерге, тапсырыстарға, вексельдерді төлеуге кепілдік береді және басқа кепілдіктерді, оның ішінде мүліктік кепілдікті /қолданылып жүрген заңдарға сәйкес/ қамтамасыз етеді;

- кәсіпорындарды техникалық дамыту, өндірісті көп салалы етудің бағыттарын таңдап алу жөнінде кепілдіктер береді;

- холдингтің және еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың мүлкін міндетті сақтандыруды жүргізеді;

- сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырады;

- қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлерін орындайды.

2. Холдингті қалыптастыру және құру тәртібі

2.1. Холдингтер дербес заңды кәсіпорындардың акция пакеттерін біріктірген және жаңа акционерлік қоғамдар құрған кезде құрылуы мүмкін.

2.2. Жаңа холдингтер құрған кезде оларға акционерлендіру процесінен өтпеген немесе жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік кәсіпорындарды басқару құқығы берілуі мүмкін.

2.3. Келешекте акционерлендіруге жататын кәсіпорындардың меншігін өзгерту холдингтің жәрдемдесуімен Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.4. Холдингке кіретін мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлендіру дәрежесіне қарай мемлекетке тиесілі акциялар пакеті мемлекеттік холдингтің иеленуіне, пайдалануына және басқаруына беріледі.

2.5. Аталған акциялар пакеттерін нендей бір холдингке беру мәселесін

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті
ш е ш е д і .

2.6. Мемлекеттің инвесторларды мемлекеттік холдингтердің акционерлері ретінде тартуға құқығы бар. Соның өзінде барлық жағдайда холдинг акцияларының мемлекеттік пакеті жарғылық капиталдың 51 процентінен кем
б о л а а л м а й д ы .

2.7. Холдингтерді құру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /екінші кезең/ арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес қабылдайды.

2.8. Мемлекет тарапынан холдингтің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті болады.

2.9. Еншілес қоғамдардың құрылтайшылары холдингтер және /немесе/ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық комитеттері болып табылады.

2.10. Холдингке қатысушылардың /акционерлердің/ саны шектелмейді. Холдингтің және оның еншілес қоғамдарын құрған кезде оларға қатысушылар санына заңды ұйымдар мен жеке адамдар кіруі мүмкін.

2.11. Мемлекеттік холдингті құрған кезде мемлекеттің үлесі жарғылық капиталдың кемінде 51 процентін құрайды.

Мемлекет қатысатын холдингті құрған кезде мемлекеттік мүлік иесінің атынан өкілдік ететін құрылтайшы барлық жағдайларда да холдингтің жарғылық капиталының кемінде 25 проценті сомасындағы акцияларды ұстаушы болуға тиіс .

2.12. Барлық қатысушыларға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінен басқасына, холдингке қатысу үшін жарғылық капиталға өзінің қаржы немесе мүліктік ресурстарын қосу міндетті
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2.13. Дербес қоғамдардың акциялар пакетін біріктіру тәртібімен холдингті құрған кезде Қазақстан Республикасының Меммүліккомы:

- холдингке енгізілетін кәсіпорындардың тізбесін анықтайды;
- қосымша инвестициялар тартудың ықтимал тәсілдерін қарастырады, қажет болған жағдайда әлеуетті инвесторларды /оның ішінде шетелдік инвесторларды/ холдинг компаниясының қатысушылары санына енгізу үшін олардың арасында
к о н к у р с ө т к і з е д і ;

- ірі кәсіпорынның құрамынан оның бөлімшелерін дербес кәсіпорындар ретінде бөле отырып, оны холдинг етіп қайта құрған кезде бүкіл кәсіпорынның немесе бөлінетін бөлімшелердің жарғылық қорын ұлғайту орынды болатын -

болмайтынын

бағамдайды.

2.14. Қазақстан Республикасының Меммүліккомы, холдинг құру туралы шешім қабылдаған жағдайда, холдингтің мына мәселелерді:

- холдингтің жарғылық капиталының мөлшерін, қалыптастыру мен ақы төлеу тәртібін;

- мемлекеттік жарғылық қорға қосатын үлесінің мөлшерін, құрамын және оны енгізу тәсілдерін;

- холдингке тиесілі, оның аппаратын ұстауға жұмсалатын акциялар бойынша холдинг алатын дивидендтерден жасалатын аударымдардың шекті мөлшерлерін;

- холдингті құруға байланысты шығындарды қаржыландыру тәртібін бейнелейтін құрылтай құжаттарын әзірлейді.

3. Холдингті басқару органдары

3.1. Холдингті басқару органдары мыналар:

- холдингтің Президенті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының экономика, қаржы министрліктері өкілдерінің, салалық министрліктері өкілдерінің, холдинг акционерлері өкілдерінің құрамындағы байқаушылар кеңесі;

- холдинг басқармасы /атқарушы дирекциясы/, оның мүшелері контракт негізінде жұмыс істейді.

Бір адамның екіден астам холдингтердің бақылаушылар кеңесінде өкілдік етуіне жол берілмейді.

3.2. Басқарма холдинг атынан іс-әрекет жасайды және холдингтің ағымдағы қызметінің, жарғыға сәйкес тек қана акционерлердің жалпы жиналысының немесе байқаушылар кеңесінің құзырына кіретінінен басқа барлық мәселелерін шешеді.

3.3. Холдинг Президенті жарғыға және осы ережеге сәйкес холдинг қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Холдинг Президенті басқарманың басшысы болып табылады және лауазымы бойынша байқаушылар кеңесінің құрамына кіреді.

Мемлекеттік холдинг Президентін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3.4. Холдингтің байқаушылар кеңесі холдингтің Президентімен және басқарма мүшелерімен контракт жасасады, сондай-ақ еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың байқаушылар кеңесіне өз өкілдерін тағайындай алады.

3.5. Байқаушылар кеңесін және еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың басшылығын холдингтің басқармасы қалыптастырады.

Еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың байқаушылар кеңестері еншілес кәсіпорынның немесе қоғамның Президенттерімен және басқарма /атқарушы дирекция/ мүшелерімен контракт жасасады.

3.6. Еншілес акционерлік қоғамдардың президенттерін және еншілес кәсіпорындардың басшыларын холдингтің байқаушы кеңесі осы қоғамдардың немесе кәсіпорындардың байқаушылар кеңесінің ұсынуы бойынша бекітеді.

3.7. Холдингтің бақылаушы органы "Шаруашылық серіктіктері және акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын және жұмыс істейтін тексеру комиссиясы болып табылады.

4. Холдингтің қызметін тоқтату

4.1. Мемлекеттік холдингтің қызметін тоқтату, оны тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Үкімет шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4.2. Мемлекет қатысатын холдингтің қызметін тоқтату, оны тарату және қайта ұйымдастыру "Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23 және 27 -баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Холдингтер өзінің баланстарын, пайдасы мен шығындарының есепшотын , сондай-ақ басқа кәсіпорындардың өздеріне тиесілі акциялары /капиталға қатысу үлестері/ туралы толық мәліметтерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейтін нысанда тоқсан сайын жариялап тұруға міндетті.

5.2. Холдингтің кез келген кәсіпорын /оның ішінде еншілес кәсіпорын/ акцияларының 10 проценттен астамын сатып алуы-сатуы туралы мәлімет мәміле жасалған сәттен бастап бір апталық мерзімде жариялануға тиіс.

5.3. Еншілес қоғамның немесе кәсіпорынның өз қызметі, оның ішінде коммерциялық құпияға жатқызылған қызметі туралы кез келген ақпараттың холдингке ашық болуын ешқандай шектеуге жол берілмейді.